

19 мамыр
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

«ӨМІРІ - ӨНЕГЕ, ӨНЕРІ - МӘҢГІ»

ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫППЕН БЕЛГІЛІ КИНО ЖӘНЕ ТЕАТР АКТРИСАСЫ МЕРУЕРТ ӨТЕКЕШОВАМЕН ӨТКЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУ КЕШІ ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МӘДЕНИ ШАРА БОЛДЫ. КЕШТИҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ АЛТЫН ҚОРЫНА ЕНГЕН «ҚЫЗ ЖІБЕК» ФИЛЬМІНДЕГІ БАСТЫ РӨЛДІ СОМДАҒАН АКТРИСАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ӨНЕРДЕГІ ЕҢБЕГІН НАСИХАТТАУ, ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРАНЫ ДӨРІПТЕУ.



Кездесу кешінің құрметті қонағын аудан тұрғындары ұлттық дәстүрге сай ерекше ықыласпен қарсы алды. Аудандық мәдениет үйінің алдында келіндер қазақы дәстүрмен сәлем салып, жігіттер гүл шоқтарын табыстады. Мәдениет үйінің фойесінде халықтық «Өлке сазы» фольклорлық ансамблінің күй орындауымен қатар, актрисаның шығармашылық жолын қамтыған фотокөрме және «Ойылдың жеті кереметі» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеде ауданның тарихи-мәдени ерекшеліктері таныстырылып, келген қонақтарға кеңінен насихатталды. Кеш барысында экраннан

«Қыз Жібек» фильмінен арнайы бейнеролик көрсетіліп, қазақ кино өнерінің жауһарына айналған туындының тарихи маңызы кеңінен баяндалды. Жүргізуші қазақ халқының рухани болмысын айшықтаған фильмінің құндылығы мен актрисаның өнердегі орны туралы әсерлі әңгіме өрбітті. Шараның негізгі бөлімінде Меруерт Өтекешовамен еркін форматтағы сұхбат ұйымдастырылды. Кездесу барысында актриса өзінің өмір жолы, өнерге келуі, «Қыз Жібек» фильмінің түсірілу тарихы және өмірлік тәжірибесі жайлы тағылымды әңгімелер айтты. Сексеннің сеңгіріне шыққан еңбек ардагері, бір

кездері осы сахнада Төлегеннің ролін сомдаған Амангелді Жұманов екі ән орындап, мерейтой иесіне жүрежарды лебізін жеткізді. Меруерт Қаратайқызы замандасына өз кітабын ұсынды. Кеш аясында арнайы қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, қазақ мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегі үшін актрисаға ризашылықтарын білдірді. Атап айтқанда, осы кездесудің өтуіне мұрындық болған «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрайымы Құлпаршын Айдарханова, айтыскер ақын Жұлдыз Қожабекова, ауыл ақсақалы Ғазиз Займолдин және аудан әкімінің орынбасары Саян

Сүлеймен құттықтау лебіздерін жеткізді. Осы кездесудің сценарийін жазып, жүргізген Еркін Жиеналин қазақ кино өнеріндегі Қыз Жібек бейнесін жүрекке мәңгі қондырған Қазақстанның Халық әртісі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері - Өтекешова Меруерт Қаратайқызына және халық жүрегінде сақталған мәңгілік Жібек рухына арнап «Жібек» келді Ойылға...» әнін орындады. Тағылымды кеш ұлттық өнерді ұлықтап, қазақ киносының алтын дәуірін еске түсірген рухани мәні зор мәдени басқосу ретінде көпшілік жадында қалды.

АУДАН ӘКІМІ ҮШ ОКРУГТИҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУІ ЕҢ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕН БАСТАЛДЫ.



Алдымен Құбасай ауылындағы кездесу барысында Асқар Қайырғалиұлы Ойыл ауданының әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға жеке-жеке тоқталып, ауданның және ауылдық округтердің әр саладағы өсім деңгейімен таныстырып өтті. Аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары өзекті сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Ауыл тұрғындарының тарапынан орталықпен қатынайтын жол мәселесі, мал ауруларының алдын алу шаралары бойынша тұрғындардан өтініштер келіп түсті. Сонымен қатар жұмыс мәселесі талқыланды. Яғни, Құбасай ауылының тұрғыны Д. Имаған-

мен оларды шешу жолдары туралы баяндады. Сарбие ауылдық округінің тұрғындары тарапынан ауданға қатынайтын көтерме жолды жөндеу, қазіргі таңда тозығы жетіп тұрған ауыз су құбырларын жаңарту және де өзге де сұрақтар қойылды. Аудан басшысы ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, өткен аптада аудан әкімі Көптоғай ауылдық округі ауылдарының тұрғындарымен де кездесті. Ол кездесулерде де Асқар Қазыбаев округтің әлеуметтік-



ІСКЕРЛІК БАСТАМАЛАРҒА СЕРПІН БЕРГЕН КЕЗДЕСУ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ ТРЕНИНГІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАҒА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ ҚҰЛПАРШЫН АЙДАРХАНОВА МЕН ОБЛЫСТЫҚ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЖАУ ТҰРҒАМБЕКОВ ҚАТЫСЫП, КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ ОЙ БӨЛІСТІ.



Тренинг аясында аудан кәсіпкерлерінің өнімдері қойылған арнайы көрме ұйымдастырылып, қатысушылар жергілікті кәсіп иелерінің еңбектерімен және қол жеткізген жетістіктерімен танысты. Көрмеде ұлттық қолөнер бұй-

ымдары, тағам өнімдері, тұрмыстық және сәндік тауарлар көпшілік назарына ұсынылды. Кездесу барысында бизнесті дамытудың өзекті бағыттарына ерекше назар аударылып, кәсіпкерлік саласындағы жаңа мүмкіндіктер мен заманауи

үрдістер кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, маркетинг-стермен тиімді жұмыс жасау жолдары, франшиза негізінде бизнесті бастау және оны ауқымдау ерекшеліктері, сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мен дамыту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар қатысушылар

өзара тәжірибе алмасып, жаңа серіктестік байланыстар орнатуға мүмкіндік алды. Кәсіпкерлерге тауар мен қызметті тиімді жарнамалау, әлеуметтік желі арқылы аудитория қалыптастыру, клиент тартудың заманауи әдістері жөнінде де пайдалы ақпараттар берілді. **Өз тілшіміз.**



бетова ауылға таза ауыз судың қажеттігін айтса, М. Алпанов ауылға дейінгі автокөлік жолының жөндеу жұмыстарының былғғы жоспарын сұрады. Ш. Сұлтанов ауыл тұрғындарының тағы бір өзекті мәселесі – Қандыкөл маңынан мал суару үшін скважина қазу көмек сұрады. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары аясында жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Кездесу соңында, ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді. Сарбие ауылдық округіне қарасты Сарбие мен Қаракөл ауылдарының тұрғындарымен кездесулерде де ең бірінші Асқар Қазыбаев округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатында атқарылған жұмыстар мен алға қойылған міндеттер, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер

экономикалық дамуы мақсатында атқарылған жұмыстар мен алға қойылған міндеттер, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы баяндады. Ауылдық елді мекендерге қатысты бірқатар маңызды мәселелерге тоқталып, ауылдық даму жолында жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Көптоғай ауылдық округіне қарасты ауылдық елді-мекендер тұрғындары тарапынан көтерме жолдарды қалпына келтіру, жол қатынасына жағдай жасау, жұмыссыздық, жер, газ мәселесі сынды өзге де өзекті мәселелер көтерілді. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

ВЫПУСКНИКИ 1976 ГОДА, 50 ЛЕТ СПУСТЯ

ТОЧНОЙ ДАТЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ТРАДИЦИИ ВСТРЕЧ ВЫПУСКНИКОВ НЕ СУЩЕСТВУЕТ. ЕЁ КОРНИ УХОДЯТ В XIX ВЕК, КОГДА ВЫПУСКНИКИ ПРЕСТИЖНЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ, ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ, СОБИРАЛИСЬ, ЧТОБЫ ПОДДЕРЖАТЬ ДУХ БРАТСТВА, ОБСУДИТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ УСПЕХИ И ВСПОМНИТЬ ЮНОСТЬ.

Во времена СССР «вечер встречи выпускников» приобрел организованный, массовый характер и был приурочен к первой субботе февраля. Эта дата была выбрана как символ окончания зимней сессии и возможность встретиться в относительно свободное от учёбы время. После распада СССР традиция сохранилась в большинстве постсоветских стран, в том числе и в Республике Казахстан.

Большинство встреч в Уиле организуют сами выпускники – в этом случае они часто проходят в летнее время, когда школа «закрыта на замок», и они радуются только самим себе. 10 лет назад мы, выпускники 1976 года, решили изменить форматы даты встречи, а также приурочить её к окончанию учебного года, чтобы показать себя – какие мы есть, и побудить подрастающее поколение, которое в будущем будет формировать экономику, культуру, науку и политику Казахстана, продолжать и умножать наши традиции – организовать такие встречи и приурочивать их к значимым юбилеям выпуска (5, 10, 25, 50 лет).

Наш дружный 10 класс покинул стены Уилской русской средней школы в 1976 году. Поэтому очередная встреча имеет особое значение, она будет отличаться праздничной юбилейной атмосферой. Мы гордимся, что за 50 лет у нас их было несколько, интересных и запоминающихся, но нынешняя – самая торже-



ственная. Полвека мы дружим, и это яркий пример того, что окончание школы – не расставание и повод грустить, а возможность продолжать общение.

...Сентябрь далёкого 1966 года собрал нас, семилетних девочек и мальчишек села в место, где заливыстый звонко оповестил о начале интересного периода. В этом году будет 60 лет, как мы, несмышлёные и робкие, переступили порог большого каменного здания, которое размещалось по ул. Братская (ныне Б. Жолмырзаева) 22. До Октябрьской революции 1917 года здание принадлежало купцу Красавину Андрею Васильевичу, прибывшему в Уил в 1884 году из Нижегородской губернии.

А как забыть спокойных, с добрым взглядом, первых учительниц: Лидию Григорьевну Браташову (1 а класс) и Нину Васильевну Кротову (1 б класс), терпеливо учивших нас писать прописку, читать по слогам, считать «счётными палочками», а также первые уроки, весёлые перемены, трудные походы в школу и обратно домой в любую погоду? 10 лет школы – важная часть нашей жизни. Прошло полвека с того памятного выпускного дня, когда мы бывшие школьники пообещали не забывать родные стены, учителей, друг друга и чаще встречаться.

Встретившись в этом году, мы посетим памятные места, а также подойдём к деревьям,

которые высадили 10 лет назад в парке Даңк. Много хороших дел было на счету нашего талантливой выпуска, культпоходы в пески Баркын, производственная практика в 9 классе: работа в лесхозе, в полях Уилского совхоза, весенний окот (ягнение) овец, участие в художественной самодельности и спортивных состязаниях.

50 лет назад мы окунулись во взрослую жизнь: учились, работали, создавали семьи. Хочется отметить, что всегда добивались высоких результатов в период учёбы, а затем и в трудовой деятельности. Что же так тянет нас в родные места и школу? Конечно, желание снова увидеть своих друзей, посидеть за

партой, вспомнить школьные уроки, пятёрку, влюбленный взгляд... Только повзрослев, мы понимаем – всё, что у нас есть, дала именно школа: правильно оценивать ситуацию, решать сложные задачи, ставить цели и достигать их. Находясь в родном посёлке, мы единодушно отметим, как похорошели улицы, ухожены парковые и мемориальные территории, домовладения. Много цветов, зелёных деревьев и насаждений. Спасибо большое местной администрации, односельчанам за заботу и любовь к местам, где мы родились, где прошли наши самые лучшие годы.

Остановившись возле впечатляющего здания нынешней школы-гимназии им. Ш. Бек-

мухамбетовой, мы отметим, что наши преемники занимают в отличных современных условиях. Светлые оснащённые классы, рекреационные зоны, новая территория, где есть всё необходимое для развития и отдыха ребят, и, конечно же, будущий школьный музей, который вскоре откроется и станет главным достижением и богатством школы-гимназии.

Спасибо учителям. Они, преданные своей профессии, делились знаниями и опытом, отдавали частицу своей души, радовались нашим победам и успехам: директор школы Виктор Александрович Рудаев, классный руководитель и учитель физики Малик Кулумжанович Мамедов, учителя Шамиль Серикбаевич Тулеев, Римма Борашевна Светлая память им и их добрым делам!

Помним вас! Наши одноклассники, дорогие ребята, которых нет с нами: Галия Абдугалиева, Каден Сармуханов, Асылбек Таттыбаев, Наталья Цымбалова, Сериккали Раушанов, пусть память о вас будет светлой и долгой! Память учителей и одноклассников мы почтим минутой молчания. К великому сожалению, нам не дано право повлиять на суровые обстоятельства жизни. Пронеся школьную дружбу через годы, будем ждать следующую встречу. Сколько бы ни минуло лет, мы будем искренне говорить: «Наша школа – ты лучшая. Пусть в твоих стенах звучит детский смех, в классах царит тишина, в спортивном зале готовятся будущие чемпионы. Низкий поклон тебе от всех нас!»

Слава нашему неизменному организатору всех встреч, нашему однокласснику Нурлану Нуриджановичу Жумагалиеву, почетному гражданину Уилского района.

Олег ЯРОШЕНКО,
полковник Российской армии
в отставке.

ВОСПОМИНАНИЯ О ШКОЛЕ, КОТОРАЯ СТАЛА СУДЬБОЙ
В ЭТОМ ГОДУ ИСПОЛНЯЕТСЯ 50 ЛЕТ С ТЕХ ПОР, КАК МЫ ОКОНЧИЛИ УИЛСКУЮ РУССКУЮ СРЕДНЮЮ ШКОЛУ — НАШУ РОДНУЮ ШКОЛУ, СТАВШУЮ НЕ ПРОСТО МЕСТОМ УЧЁБЫ, А НАСТОЯЩЕЙ КУЗНИЦЕЙ ХАРАКТЕРОВ, ЖИЗНЕННЫХ ПРИНЦИПОВ И ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ. С БЛАГОДАРНОСТЬЮ И УВАЖЕНИЕМ МЫ ВСПОМИНАЕМ ДИРЕКТОРА ТЕХ ЛЕТ — ВИКТОРА АЛЕКСАНДРОВИЧА РУДАЕВА.



Под его руководством школа жила насыщенной жизнью, воспитывая поколения учеников в духе дисциплины, ответственности и стремления к знаниям.

Особое место в наших сердцах занимают наши учителя — люди, которые не просто давали знания, а формировали нас как личностей. Ислам Адилевич Надралиев, Шамиль Серикбаевич Тулеев, Зира Мукамбеткалиевна Назарова, Римма Бурашевна Иксанова, Райса Борисовна Тулеева, наш классный руководитель Малик Кулумжанович Мамедов, Николай Андрианович Пикалов, Татьяна Александровна Сорокина, Любовь Фёдоровна Красавина, Любовь Васильевна Пасечник, Бақытжан Еришевич Жексенбаев, Лидия Григорьевна Браташова, Мария Александровна Радченко,

Канзира Утеуовна Кадирова — это не просто имена. Это люди, которые вложили в нас трудолюбие, честность, уважение к старшим, любовь к Родине. Наше детство прошло в особое время — время перемен и простых радостей. Мы хорошо помним, как в Уиле впервые появилось уличное освещение на центральных улицах — Советской и Коммунистической. В ту ночь село словно преобразилось: казалось, наступил день. Мы гуляли от дома до кинотеатра «Шұғыла» до самого рассвета, не в силах расстаться с этим необычным ощущением света и новизны.

Основным источником информации тогда было радио — оно объединяло семьи, приносило новости и музыку в каждый дом. А появление телевизора стало настоящим событием: антенна на крыше,

все три канала и ограниченное время вещания — но сколько радости и удивления это приносило! Это были годы настоящего, живого общения, искренней дружбы и крепких семейных уз.

Время, когда рядом были родители, родные, друзья — те, с кем мы росли, учились, мечтали.

Сегодня, спустя полвека, мы с теплотой и благодарностью вспоминаем те годы. Уил — это не просто место на карте. Это наша малая родина, наша юность, наши корни и наша память. И как бы ни сложилась жизнь, в сердце каждого из нас навсегда останется та школа, те учителя и то время, которое мы с гордостью называем лучшими годами нашей жизни.

Алибек МЕРГАЛИЕВ,
заслуженный авиатор РК,
летчик первого класса.

ШКОЛА ЖИЗНИ

МЫ ДЕТИ РОДИТЕЛЕЙ, ПОКОЛЕНИЕ (В ПРЕВАЛИРУЮЩЕМ БОЛЬШИНСТВЕ ИЗ БЕДНОТЫ) ВЫРОСШЕЕ И ЖИВШЕЕ В УСЛОВИЯХ ПЕРИОДИЧЕСКИХ СОЦИАЛЬНЫХ ПОТРЯСЕНИЙ, ПРОШЕДШЕЕ И ПЕРЕЖИВШЕЕ ВОЙНУ, ДОРВАВШИХ ДО МИРНЫХ ВРЕМЕН С ФАНАТИЧНОЙ ЭНЕРГИЕЙ ВЗЯЛОСЬ ЗА БЛАГОУСТРОЙСТВО СТАБИЛЬНОЙ ЖИЗНИ ЧЕРЕЗ СОЛИДАРНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ТРУД.

Из этого поколения выросла целая когорта хозяйственников, которые возглавив артели, колхозы, ковали экономическую основу района, из этого поколения вышла целая плеяда интеллигенции, заложивших культуру, мораль, и в целом нравственную основу нашего общества. И сегодня, с высоты прожитых лет, ясно осознаем, если мы чего-то достигли в этой жизни, если в нас проглядываются общечеловеческие ценности, то все это только благодаря этому поколению.

Я не случайно отождествляю родителей и общественность — нас воспитывали все. Каждый на своем этапе. Спасибо Родителям за подаренный белый свет, за то, что росли не одни, не познав понятия эгоизма, за воспитание каждодневным и обязательным трудом, заложив на корню пожизненное чувство ответственности.

А вот толерантность каждого это в большей степени видимо заслуга общественности в целом. Где каждый, знакомый, незнакомый, мог остановить на улице и сделать замечание, что естественно воспринима-

лось как должное, вызывая чувство стыда и боязни реакции родителей. Но тем не менее, высшей школой жизни считаю школьные годы. Начальные классы — это конечно, годы труда и становления ученика.

Корпеть над палочками прямыми и косыми, сопеть и выводить кривые, следить за нажимом пера и бояться кляксы — вот где вырабатывался характер. И переводя из класса в класс с отличными оценками дописывали — при прилежном поведении. Не понимая сути и значения «Прилежный» — было в нем что-то спокойное и основательное. Только сейчас вычитал, прилежность — это усердие, трудолюбие и ответственность. Вот такую основу заложила в нас наша Первая Учительница — Кротова (Трефилова) Нина Васильевна! Вечная ей благодарность и вечная ей Память.

Надо отдать должное программам школьного образования того времени, где системно и последовательно проводилось не только познание наук, но и шла всесторонняя под-

готовка молодого человека к жизни. В первых походах краеведческого кружка созданной Тулеевой Раисой Борисовной, пятиклассниками прониклись чувством коллективизма, ответственности за товарища. На периодически проводимых внеклассных собраниях, далее уже на диспутах на различные темы, учились выражать мысли, спорить, отстаивать свою точку зрения. И большим подспорьем в формировании моральных, духовных качеств, да и личности в целом, конечно, послужило что мы родились и жили в самой читающей стране. А уровень физической подготовки был доведен до планки честолюбия, что спортивное самосовершенствование стало практически самоцелью каждого юноши.

И все это благодаря самоотверженному, беззаветному труду кузнецов человеческих душ, наших Учителей, которых мы всегда чтим, любим и помним. Помним всех поименно! Ведь частицу каждого из нас мы несем в себе по жизни.

Нурлан ЖУМАГАЛИЕВ,
краевед, «Почетный гражданин Уилского района».

АІТУ — БОЛАШАҚ ЦИФРАЛЫҚ МАМАНДАРАДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ОРТА ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЦИФРЛАНДЫРУ ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНА ӨСЕР ЕТУДЕ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕН БАСТАП БАНК ЖҮЙЕСІНЕ, БИЗНЕС ПЕН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ДЕЙІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҢА ТАЛАПТАР ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ. ОСЫНДАЙ КЕЗЕҢДЕ САПАЛЫ ІТ-БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ДАМУЫ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДА ИЕ.

Осы бағытта Astana IT University (AITU) Қазақстандағы заманауи әрі болашағы зор жоғары оқу орындарының бірі ретінде ерекшеленеді. АІТУ — тек ІТ-мамандарын дайындайтын университет қана емес, сонымен қатар инновациялық идеялар мен цифрлық жобаларды жүзеге асыратын орта. Университет студенттерге теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламалары қазіргі еңбек нарығының талаптарына бейімделіп, жасанды интеллект, Big Data, киберқауіпсіздік, blockchain, fintech және project management сияқты сұранысқа ие бағыттарды қамтиды. Бүгінде университетте білім алушылар тек аудиторлық сабақтармен

шектелмейді. Олар стартап жобаларға қатысып, ғылыми зерттеулер жүргізіп, халықаралық бағдарламалар мен ІТ-хакатондарда өздерін көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. АІТУ-дың маңызды артықшылықтарының бірі — ғылыми-зерттеу бағытының қарқынды дамуы. Университетте цифрлық экономика, қаржы секторын цифрландыру, деректерді талдау және инновациялық технологияларды енгізу бойынша зерттеулер жүргізілуде. Магистратура мен докторантура бағдарламалары ғылыми әлеуеті жоғары, зерттеуге қызығушылығы бар жастарға бағытталған. Мен оқытушы әрі зерттеуші ретінде университеттің жас ғалымдарды қолдауға ерек

ше көңіл бөлетінін атап өткім келеді. Мұнда ғылыми мақалалар жазуға, халықаралық конференцияларға қатысуға және тәжірибелік жобалар жүргізуге қолайлы орта қалыптасқан. Бұл болашақта халықаралық деңгейдегі маман болуға үлкен мүмкіндік береді. Қазіргі еңбек нарығында тек диплом жеткіліксіз. Заманауи компаниялар аналитикалық ойлайтын, технологияларды түсінетін және өзгерістерге тез бейімделетін мамандарды іздейді.

Осы тұрғыдан алғанда, АІТУ студенттерге тек білім ғана емес, сонымен қатар болашаққа қажетті дағдыларды береді.

Жанна ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ,
Astana IT university,
Шығармашылық индустриялар мектебінің оқытушысы.

«ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН» АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒЫ 18 МАМАР МЕН 8 МАУСЫМ АРАЛЫҒЫНДА РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ КУӘГЕРЛЕРІ – БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАП-ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖАНДАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ ФЛЕШМОБ ФОРМАТЫНДАҒЫ АКЦИЯ ӨТКІЗІЛЕДІ.



Акцияның мақсаты - отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, полицияның имиджін арттыру және ведомстваралық өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ қоғамның назарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына аудару, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне көмек көрсету қағидатын және

ішкі істер органдарына қоғамдық сенімді нығайту болып табылады. Акция шеңберінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгер-балаларын қорғауға және қолдауға ерекше назар аударылады, өйткені олар уақтылы көмекке, ведомстваралық сүйемелдеуге және мемлекет тарапынан әрекет етудің тиімді тетіктеріне аса мұқтаж ең

осал санат болып табылады. Бұл зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу туралы ғана емес, сонымен қатар балалардың өмірі мен денсаулығына ауыр зардаптардың алдын алу, олар үшін қауіпсіз ортаны қалыптастыру және ересектер мен мемлекеттік институттарға деген сенімді қалпына келтіру болып табылады. Бұл жұмыстың өзектілігі балалардың аналарын қорғауға тырысып, агрессорлардың зорлық-зомбылығының құрбаны болған қайғылы жағдайлармен расталады. Егерде сіз отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық аясындағы жәбірленуші болсаңыз немесе куәсі болсаңыз Ойыл аудандық полиция бөлімінің 871-332-2-18-98, 102 кезекші нөмірлеріне хабарлауыңыз сұралады.

М. МҰРАТҚАЛИЕВ,
Ойыл ауданы ПБ Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция капитаны.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ АРАМШӨПТЕРДІҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Көктем мен жаз мезгілінде Ойыл ауданында шөп қаулап өсіп, мал жайылымы ұлғая түседі. Алайда жайылымда пайдалы өсімдіктермен қатар арамшөптер де көбейеді. Арамшөптер — егінге, табиғи шөп жамылғысына және мал денсаулығына зиян келтіретін өсімдіктер. Олар жердің құнарын төмендетіп қана қоймай, мал азығының сапасын да нашарлатады.



Ойыл өңірінде жиі кездесетін арамшөптердің қатарында ошаған секілді өсімдіктер бар. Кейбірі улы болып келеді. Әсіресе жаңбырлы жылдары мұндай шөптер тез таралып, жайылымды басып кетеді. Соның салдарынан пайдалы мал азықтық шөптер азаяды. Мамандардың айтуынша, улы арамшөптерді жеген малдың асқазаны бұзылып, улану қаупі артады. Малдың іші өтіп, әлсіреп, төбеті төмендейді. Кей жағдай-

да жүйке жүйесіне әсер етіп, малдың құлап қалуына дейін әкелуі мүмкін. Әсіресе жас төлдер мен әлсіз малдар улы өсімдіктерге сезімтал келеді. Мысалы, меңдуана улы шөп. Оны жеген малдың көзі алайып, тынысы тарылып, мазасызданады. Ал итсигек секілді өсімдіктер ас қорыту жүйесіне кері әсер етеді. Кейбір арамшөптердің тікені малдың аузы мен асқазанын жарақаттайды. Арамшөптердің тағы бір зияны — олар шабындық сапасын төмендетеді. Шөпке араласып кеткен арамшөптерден дайындалған жемшөптің қоректілігі аз болады. Нәтижесінде малдың салмақ қосуды баяулап, сүт өнімі төмендеуі мүмкін. Сондықтан жайылым мен шабындық жерлерді күтіп ұстау маңызды. Уақытылы

ору, жерді тазарту және улы өсімдіктерді жою — ауыл шаруашылығындағы негізгі жұмыстардың бірі. Сонымен қатар малшылар мен шаруа қожалықтары жайылымды жиі бақылап, қауіпті өсімдіктерді ажырата білуі қажет. Аамандық-саулықты малдың амандығынан бастайтын қазақ үшін малдың саулығы бірінші орында.

Ал, малдың сау болуы ең бірінші оның өрісіне байланысты. Таза жайылым — малдың денсаулығының кепілі. Табиғатты күтіп, арамшөптен құресу арқылы ғана сапалы мал өнімін алып, ауыл шаруашылығын дамытуға болады.

Іңкөр ЖОЛДАС,
ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» Ойыл аудандық филиалының гербологы

ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ДЕМАЛЫС ӨКІНІШКЕ СОҚТЫРМАСЫН!



Табиғат аясында демалу — адамдарға сергектік сыйлап, көңіл-күйді көтеретін тамаша мүмкіндік. Алайда дұрыс сақталмаған немесе сапасыз тағам денсаулыққа қауіп төндіріп, тағамнан улануға әкелуі мүмкін. Әсіресе жаз мезгілінде ыстық ауа райында азық-түлік тез бұзылып, бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдай туады.

Табиғат аясында демалу — адамдарға сергектік сыйлап, көңіл-күйді көтеретін тамаша мүмкіндік. Алайда дұрыс сақталмаған немесе сапасыз тағам денсаулыққа қауіп төндіріп, тағамнан улануға әкелуі мүмкін. Әсіресе жаз мезгілінде ыстық ауа райында азық-түлік тез бұзылып, бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдай туады.

Тағамнан уланудың себептері
Табиғатта демалу кезінде уланудың негізгі себептері мыналар:

- Тез бұзылатын тағамдарды дұрыс сақтамау; Жуылмаған жеміс-жидек пен көкөністерді пайдалану; Шала піскен ет немесе балық өнімдерін жеу; Таза емес суды қолдану; Қол гигиенасын сақтамау. Көбіне улануға сүт өнімдері, майонез қосылған салаттар, шұжық өнімдері, жұмыртқа және ет тағамдары себеп болады.
- Уланған адамда келесі белгілер байқалуы мүмкін:**
 - Іштің ауыруы;
 - Жүрек айну және құсу;
 - Іш өтуі;
 - Әлсіздік;
 - Дене қызуының көтерілуі;
 - Бас айналу.

Егер адам тағамнан уланды деп күдіктенсеңіз:

- Күн бойы күн астында тұрған тағамды пайдаланбау.
- Егер адам тағамнан уланды деп күдіктенсеңіз:**
 - Күн бойы күн астында тұрған тағамды пайдаланбау.
 - Белсендірілген көмір сияқты сорбент беру;
 - Майлы және ауыр тағам бермеу;
 - Жағдайы ауыр болса, дәрігер шақыру қажет.

Табиғат аясындағы демалыс денсаулыққа пайдалы әрі көңілді өтуі үшін тағам қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет. Қарапайым санитарлық талаптарды сақтау арқылы тағамнан уланудың алдын алуға болады. Денсаулық — ең басты байлық!



Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 697 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЖАЗДА ДА ҚАУІП КӨП!

ЖАЗ МЕЗГІЛІ ДЕ ҚАУІПКЕ ТОЛЫ. СОНЫҢ БІРІ – ДАЛАЛЫҚ ӨРТ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ОРМАН, ДАЛА АЛҚАПТАРЫНДА, ТҰРҒЫН ҮЙ АУМАҚТАРЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙДЫ. АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА АЙ САЙЫН МАҚАЛАЛАР БЕРІЛІП, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ТҮРЛІ ШАРАЛАРҒА ҚАРАМАСТАН АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ ӨЛІ ДЕ АЗАЙМАЙ КЕЛЕДІ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҰСЫНАМЫЗ.



Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:
- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан

өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;

- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тыйым салынады;
- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жыртыу арқылы өрттен қорғауы қажет.

Далалық жерлердегі өрттердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегаттар мен техникалардың ескіруі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауы. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңыздағы тас жолы бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде.

Тұрғын үй аумақтарында өрттерді болдырмау үшін келесі шараларды орындау қажет: тұрғын үйлерге, құрылыстарына жақын орналасқан аумақтарды тұрақты түрде

қоқыстан, қалдықтардан және өртенетін материалдардан тазалап отыру, қоқыстарды арнайы белгіленген жерлерде жинап, шығарып тастау қажет. Оларды жинау орындарында өртеуге болмайды. Осы айтылған шаралардың барлығы әр азаматтың сана сезімінде болып, немқұрайлы қарамауы тиіс. Өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз.

Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмауы сөзсіз. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамай өрттің туындауына жол берілген жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Есіңізде болсын! Өртті байқаған жағдайда жедел түрде «101», «112» шұғыл қызметтерінің телефондары бойынша хабарлауларыңыз қажет.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

27 МАМЫР - ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ!

КЕШЕ НИЖРИ ЖЫЛ САНАУЫ БОЙЫНША ЗУЛ-ХИЖА АЙЫ БАСТАЛДЫ. Яғни АРАПА КҮНІ БИЫЛ 26 МАМЫРҒА СӨЙКЕС КЕЛЕДІ. 27 МАМЫР— ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ.

Ислам дінінде қасиетті күндер, түндер және айлар қамари жыл санауы негізінде анықталады. Мұндай жыл санақ ай фазасының өзгеруіне қарай есептеледі. Жаңа айдың (һиләлдың) көрінуімен жаңа ай басталады. Қамари ай кейде 29 не 30 күн болады. Зулхиджа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен габдат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысу керек. Өйткені, хадистерде сол уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған. Ал арапа күні ораза тұту – сүннет. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алла-

ның салауаты мен сәлемі болсын): «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнөсін кешіруді үміт етемін», – деген. Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған. Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген отандастырымыздың қажылығы қабыл болғай. Әмин!

ҚМДБ Баспасөз қызметі

«АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АУДАНДАҒЫ ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ



Ақтөбе облысының ТЖД басшылығы аудан әкімімен бірге жоспарлы жұмыстардың орындалу барысына бақылау жүргізді. Жұмыс сапары барысында Ойыл ауданының Қараой, Сарбие, Көптоғай және Ш. Берсиев атындағы ауылдық округтерінде салынып жатқан өрт сөндіру бекеттерінің құрылысы және қайта жаңғырту жұмыстары қаралды. Сонымен қатар бекеттердің материалдық-техникалық базасының жай-күйі тексеріліп, қызметкерлердің даярлық

деңгейіне назар аударылды. Қарау барысында жеке құраммен нұсқаулық жұмыстары жүргізіліп, төтенше жағдайлардың алдын алу, жедел әрекет ету және ауылдық елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы негізгі міндеттер пысықталды. Сондай-ақ жауапты тұлғаларға құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау қажеттігі қатаң ескертіліп, нысандар құрылыс департамент басшылығының қатаң бақылауына алынғаны атап өтілді.

АМАНГЕЛДІ ҚАРТБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



14-16 мамыр аралығында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде самбо күресінен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының қола жүлдегері, спорт шеберлігіне үміткер Қартбаев Амангелді Серікұлын еске алуға арналған 2012-2013 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы дзюдо күресінен ашық облыстық турнир ұйымдастырылды.

14-16 мамыр аралығында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде самбо күресінен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының қола жүлдегері, спорт шеберлігіне үміткер Қартбаев Амангелді Серікұлын еске алуға арналған 2012-2013 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы дзюдо күресінен ашық облыстық турнир ұйымдастырылды. Дәстүрлі спорттық додаға облыстың әр өңірінен 16 команда қатысып, 250-ге жуық жас палуан бақ сынады. Турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен алыстан ат терлетіп келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Амангелді Серікұлынның әкесі Серік Сағынұлы, достары мен турнир демеушілері естеліктерімен бөлісіп, марқұм спортшыны бір минут үнсіздікпен еске алды. Турнирге арнайы келген қонақтар таныстырылып, жарыс 12 салмақ дәрежесі бойынша тартысты белдесулермен жалғасты. Облыстық турнирге Ойыл ауданынан Ойыл, Қараой, Ақшатау, Сарбие, Қайыңды және Қаракемер ауылдарынан жал-

пы 40 оқушы қатысты. Нәтижесінде Арайлым Санатқызы, Ернар Русланұлы және Бекнар Қошан қола жүлдеге ие болды. Ал Әлихан Ғабдулла финалдық белдесуде қарсыласынан басым түсіп, турнир чемпионы атанды. Турнир соңында Амангелді Қартбаевтың сыныптасы, кәсіпкер Нұргүл Анарбекқызының атынан 150 мың теңгелік сертификат ойнатылды. Арнайы жүлде мектеп түлегі, Амангелді Серікұлынның қарындасы Айкөркем Сағынова және жеребе қорытындысымен турнирде үздік өнер көрсеткен Мұғалжар мен Байғанин аудандарының палуандарына табысталды. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар облыстық ашық турнирдің жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен Ойыл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне, аудандық білім бөліміне, сондай-ақ демеушілік танытқан Амангелді Серікұлынның достары, сыныптастары мен отбасына алғыстарын білдірді. Жас палуандардың шеберлігін шыңдап, спортқа деген қызығушылығын арттырған жарыс жоғары деңгейде өтіп, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.



ТЕАМ UP: КӘСІПОДАҚ ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР – ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШҚАН МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

ОЙЫЛ ЖӘНЕ ҚАРҒАЛЫ АУДАНДАРЫНЫҢ ЖАСТАРЫН БІР АЛАҢҒА ТОҒЫСТЫРҒАН «ТЕАМ UP: КӘСІПОДАҚ ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР» АТТЫ ӨҢІРАРАЛЫҚ ЖАСТАР СЛЕТІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ӨЗ МӨРСІНЕ СӨТТИ ЖЕТТІ.



Табиғаты көркем Қарғалы ауданындағы «Қасқыр сарқырамасы» демалыс аймағында өткен бұл іс-шара жастар үшін ұмытылмас әсерге толы тағылымды кездесу болды. Слеттің негізгі мақсаты – кәсіподақ жастарының белсенділігін арттыру, құқықтық сауаттылығын дамыту, көшбасшылық қабілеттерін жетілдіру және жастар арасында ынтымақтастықты нығайту болды. Осы мақсат аясында ұйымдастырылған әрбір бөлім мазмұнға бай, тәрбиелік мәні зор шаралармен толықты. Бағдарлама барысында өткен танысу тренингтері қатысушылардың бір-бірімен еркін араласуына мүмкіндік беріп, ортақ тіл табысуына жол ашты. Ал «Таза аймақ» эко-акциясы жастардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, спорттық сайыстар жастардың ұйымшылдығын, ептілігін мен белсенділігін шыңдап, командалық рухты нығайтты. Әрбір қатысушы бұл кезеңде тек жарысы қана қоймай, бір-біріне қолдау көрсетіп, достық қарым-қатынастың жарқын үлгісін көрсетті. Слет аясында ұйымдастырылған «Құқығыңды біл, маман!» атты кәсіподақ сағаты ерекше маңызға ие болды. Бұл бөлімде жастар өз құқықтары туралы маңызды ақпараттар алып, кәсіподақтың рөлі мен маңызын тереңірек түсінді.

Ал «Еркін микрофон» алаңы қатысушыларға өз ойларын ашық жеткізіп, пікір алмасуға, ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік берді. Ойыл аудандық оқушылар үйінің жастары бұл слет барысында өздерін белсенді, білімді, ынталы жастар ретінде көрсете білді. Олар тек тыңдаушы емес, іс-шараның белсенді қатысушысы ретінде әр кезеңге атсалысып, өздерінің ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерін танытты. Осындай мазмұнды әрі тағылымды іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып, жастарға мүмкіндік жасаған барлық ұйымдастырушыларға шынайы алғысымызды білдіреміз. Жастарға қолдау көрсету, олардың дамуына жағдай жасау – болашаққа салынған инвестиция екені сөзсіз. Бұл слет – жастар үшін тек кездесу ғана емес, жаңа идеялар мен мүмкіндіктерге бастар жол, шабыт пен мотивация көзі болды. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, жастардың дамуына серпін береді деген сенім мол. «Бірлік бар жерде — береке бар!» – осы слеттің басты ұстанымы ретінде әрбір қатысушының жүрегінен орын алды. Перизат МИНАМЕНОВА, Ойыл аудандық Оқушылар үйінің "Жас тілші" үйірмесінің жетекшісі.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА!

БИЫЛ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗАҢҒАР БИИ, КӨРНЕКТИ АҚЫН, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ДИПЛОМАТ, ЗЕРТТЕУШІ ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. БҰЛ – ТЕК ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, КҮЛЛІ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ МЕН ӨЛЕМ МӨДЕНИЕТІ ҮШІН АЙТУЛЫ ДАТА.



Себебі Олжас Сүлейменов – ұлттық шеңберден асып, әлемдік деңгейде мойындалған тұлға. Ақынның шығармашылығы – терең ой мен биік парасаттың көрінісі. Оның поэзиясында адамзат тағдыры, бейбітшілік, тарих, ұлт рухы мен адам болмысы кеңінен суреттеледі. Ол қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, ұлттық поэзияны әлемге таныта білді. Ақынның әрбір өлеңі оқырманын ойландыруға, өткенге үңіліп, болашаққа сеніммен қарауға жетелейді. Олжас Сүлейменовтің есімі ең алдымен «Аз и Я» еңбегімен кеңінен танылды. Бұл шығарма тек әдеби еңбек емес, тарихи-тілдік зерттеу ретінде үлкен резонанс тудырды. Ақын түркі халықтарының тарихына, тіліне, мәдениетіне жаңаша көзқарас қалыптастырды. Оның батыл ойлары мен ғылыми пайымдары сол кезеңде қоғамда ерекше серпіліс әкелді. Сонымен қатар, Олжас Сүлейменов – ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы ретінде де әлемге танылды. Ол бастамашы болған «Невада – Семей» антиядролық

қозғалысы адамзаттың бейбіт өмірі жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Ақынның азаматтық ұстанымы мен ел тағдырына деген жанашырлығы оны халық жүрегіне жақындата түсті. Олжас Сүлейменов – қазақ руханиятының ғана емес, адамзаттық құндылықтарды дәріптеген әлемдік тұлға. Оның шығармалары көптеген тілдерге аударылып, шетел оқырмандарының да жоғары бағасына ие болды. Бұл – қазақ әдебиетінің мерейі, ұлт рухының жеңісі. Ақиық ақынның 90 жылдық мерейтойы – ұлт руханияты үшін маңызды белес. Бұл дата ескелең ұрпаққа ақын мұрасын кеңінен насихаттап, оның өмір жолынан тағылым алуға мүмкіндік береді. Өйткені Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы – уақытпен өлшенбейтін асыл қазына. Ұлт мақтанышына айналған ақынның өнегелі өмірі мен мол мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Ұ. ТӨЛЕУШЕВА, Ойыл аудандық соты өкмішісінің бас маманы-сот отырысы хатшысы.

МЕШІТ АУЛАСЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАҢДЫҚ МЕШІТІНДЕ ТАҒЫ БІР ИГІ ІС ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. ДЕМЕУШІ ЖАНДАРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН МЕШІТ АУМАҒЫНДА АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП, АУЛАСЫНА БРУСЧАТҚА ТАС ТӨСЕЛДІ.



Аталған жұмыстар жамағаттың мешітке еркін келіп-кетуіне қолайлы жағдай жасап қана қоймай, имандылық ордасының көркіне көрік қосты. Мұндай сауапты істер – ел бірлігі мен жанашырлықтың жарқын көрінісі.

Ойыл ауданының бас имамы Бақжарқы Қызырұлы қайтуіне қолайлы жағдай жасап қана қоймай, имандылық ордасының көркіне көрік қосты. Мұндай сауапты істер – ел бірлігі мен жанашырлықтың жарқын көрінісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы Ойыл ауданы бойынша Ойыл, Қараой, Көптоғай, Сарбие, Саралжын, Қайыңды және Ш.Берсиев атындағы селолық округтерінде 20 мамыр - 30 маусым аралығында аса қауіпті үйірлі италия шегірткесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты тұрғындар және ауылшаруашылығы құрылымдарына малдарын уланған жерлерге қарай жібермеу керектігін және уланғаннан кейін 21 күн карантин болатынын ескертті. Жоспар бойынша жүргізілген жерлерге тиісті ескертпе таяқшалар мен белгілер қойылады.

Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы